

## ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ МҰРАЛАРЫНЫҢ АУДАРЫЛУ ЖАЙЫ

\*Токшылыкова Г.Б.<sup>1</sup>, Каримова Г.С.<sup>2</sup>, Казтаева А. Қ.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>шетел филологиясы ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан e-mail: gulnaz\_lit75@mail.ru

<sup>2</sup>PhD, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ Алматы, Қазақстан, e-mail: karimova\_g77@mail.ru

<sup>3</sup>«Әдебиеттану» мамандығының 1 курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru

**Аңдатпа.** Әлем әдебиеті – сан-салалы, үнемі жаңарып, толығып отыратын процесс. Мақалада тәуелсіз еліміздегі әлем әдебиеті мұраларының аударылуы, жарық көріп, жариялануы, насихатталуы сынды мәселелер сөз болады. Басты мақсат – рецепиенттің бойында адамгершілік, имандылық сынды ізгі қасиеттерді қалыптастырып, қоғамдық санаға, ойлау жүйесіне әсер ететін сөз өнері мұраларының ана тілімізге аударылу тиімділігін негіздеу. Өйткені, өркениет кеңістігінде дәлелденген дүние – адам жанын ізгілендіретін – сөз өнері туындылары екендігі. Авторлар әлем әдебиетін рухани құндылық ретінде тани отырып, оның елімізде аударылу тарихына жүйелі тоқталуды басты бағыт етіп алады. Жалпыадамзаттық құндылық мәселесін көтерген туындыларын ана тілімізге аудару қажеттілік, жаһандану заманының талабы екенін алға тартады. Көркем аударма – әдеби байланысты нығайтады деген идеяны негіздейді. Коммуникативті қарым-қатынас негізінде ұлт әдебиеті әлем әдебиетімен байланысқа түсетіні ақиқат.

Зерттеуде әлем әдебиетінің қазақ жұртшылығына танылып, игерілу, аударылу мәселесі хронологиялық ретпен, жүйелі түрде берілуі жұмыстың ғылыми, практикалық құндылығын арттыра түседі. Және осы игілікті жұмысты атқаруға күш салып жатқан баспа, мерзімді баспасөз, жоба, аударма сынды салалардың тиімділігі мен қажеттілігіне жеке-жеке мән берілген. Түсіндіру, сипаттау, талдау әдістерін қолдана отырып, авторлар әлем әдебиетін ана тілімізде игерілудің маңыздылығы тәуелсіз Жаңа Қазақстанның ғылыми және жалпы әлеуметтік қажеттігінде екенін дәлелдеген.

Авторлар әлем әдебиеті деп аталатын үлкен дүниенің бір бөлшегі болып саналатын қазақ әдебиетінің одан жеке дара, бөлек, өз бетінше дами алмайтынын ескере отырып, рухани алмасудың қажеттілігін көрсетеді. Нәтижесінде нағыз классикалық туындыларды оқу, талдау, игеру, түрлі ұлттың менталитетін білу арқылы жас ұрпақтың дүниетанымы, қалыптасатындығын, білім көкжиегі кеңейетінін авторлар мысалдар келтіре отырып саралайды. Соның ішінде көркем аударма мәселесіне ерекше ден қойып, оның қиындықтарын, аударылған көркем шығармалардың сапасы мен маңызына тоқталуы зерттеудің құндылығын танытады.

**Тірек сөздер:** классикалық әдебиет, өркениет, императив, рухани кеңістік, аударма, мәдени мұра, тарихи-типологиялық ұқсастық, сөз өнері

### Негізгі ережелер

Әлем әдебиеті – классикалық әдебиет дәстүрі аясында көркемдік жалғастық жүйесімен дамыған рухани мәдениет қазынасы. Әлем халқының рухани құндылықтарын жас ұрпақтың игеруі – ғасырлар бойы үздіксіз

жалғасып келе жатқан үрдіс. Кез-келген ұлттық әдебиет даму барысында басқа да көптеген (батыстық, шығыстық, америкалық т.б.) әдебиеттермен қарым-қатынасқа түседі. Олардың арасында мазмұндық, пішіндік ауыс-түйістер болып жатады. Өз кезегінде бұл факторлар әдебиеттің дамуына оң әсер етеді. Сондықтан бір әдебиеттің басқа әдебиетпен араласуға ынтықтығын, құлшынысын әр ел қолдап отырған. Классикалық әдебиет дәстүрін танытатын ерекшеліктер көркем шығармалардағы уақыт шындығын тақырып, идея, сюжет пен композиция, стильдік-көркемдік сипат мәселелері аясында қамтылуымен танылады. Әлем әдебиетінде қалыптасқан классикалық поэтикалық үрдістер игерілуінің арнайы жинастырыла қарастырылуы, суреткерлердің көркемдік әдебиеттің дамуындағы ұлттық және жалпыадамзаттық гуманистік-эстетикалық дүниетаныммен үндесуін айқындау және әлем әдебиетіне қатысты мәселелерді зерделеу – зерттеу тақырыбының өзектілігін танытады.

### **Кіріспе**

Әлем әдебиетінің руханияты көне және жаңа жәдігерліктерге бай. Ежелгі шығыс, көне грек-рим дүниесінің мұралары соны растайды. Бүгінгі басты императивтердің бірі – шетел мәдениетін түсіну және қабылдау екені белгілі. Ғалым М.Бахтиннің мәдениеттің өлшемі шекарада деген пайымына сүйене отырып, біз мәдениет өз ішінде жеткілікті дәрежеде танылмайтынын ұғамыз. Өзара қарым-қатынас, кездесу, мәдениеттер диалогы этникалық мәдениеттің өзіндік бірегейлігін тудырады. Мәдениеттер диалогы әрбір адамның мәдени ұстанымының көрінісі мен артикуляциясы ғана емес, сонымен бірге басқа да мәдени құндылықтардың таралуына жағдай жасау болып табылады. Әрбір этностың, қала берді жеке тұлғаның санасында рухани жетістіктердің интеграциясы орын алмаса мәдени тұлға туралы әңгіме айтудың өзі қиын.

Ең қажетті мәдени мұра, ең қолжетімді өнер – әдебиет. Әдебиет – сөз өнері. Сонымен бірге, әдебиет – өнердің ішіндегі адамгершілікті дәріптейтін өнер түрі. Көркем әдебиеттің негізгі мәні мен мақсаты да – адам жанын ізгілендіру. Соның ішінде мәдениеттер диалогын қалыптастыруға ықпал ететін бірден-бір әдебиет – әлем әдебиеті.

Қазақ елі өз тәуелсіздігін алған уақыттан бастап тарихи-қоғамдық жағдайдың ауысуынан, әдебиеттің идеялық-эстетикалық мазмұнының күрт өзгеруінен әдебиетаралық қарым-қатынас мәселесі жаңаша шешім таба бастады. Қазіргі таңда жер шарында алты мыңға жуық этнос өмір сүрсе, бұл біздің планетамызда алты мыңға тарта тіл, осыншама ұлттық көркем әдебиет бар деген сөз. Өйткені, өз тілінсіз, өз көркем әдебиетінсіз халық немесе ұлт болмайды, болуы да мүмкін емес. Міне, осы алты мыңға жуық көркем әдебиет «әлем әдебиеті» деп аталатын алыпты құрайды. Қазақ әдебиеті – осы әлем әдебиеті деп аталатын үлкен бүтіннің қажетті сегменттерінің бірі. Ендеше біз өзіміздің сол бүтіннің бір бөлшегі болып

табылатын ұлттық көркемсөз өнеріміздің бүкіл қыр-сырын жете танып, толық түсіну үшін әлем әдебиетінің де тарихын, өсу эволюциясын, бүгінгі күнгі даму тенденцияларын білуіміз қажет болады. Ғалым Д.Дюришиннің пайымынша, біз *әлем әдебиеті ұғымын* мынадай үш мәнде танып-білеміз: әлем әдебиеті бүкіл әлемнің әдебиеті, әлем әдебиетінің тарихы жекелеген ұлттар әдебиеті тарихының жиынтығы; әлем әдебиеті жекелеген ұлттар әдебиетінің құнарында дүниеге келген барлық асылдарының таңдаулысы, яғни, қол жеткізген жетістіктерінің синтезі; әлем әдебиеті барлық ұлттық әдебиеттер шығармаларына тән өзара байланысқан қосындысы [1, 83 б.].

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Қазіргі уақыттағы басты императивтердің бірі – шетел мәдениетін түсіну және қабылдау десек, оның жүзеге асуында әдебиеттің маңызды рөл атқаратыны белгілі. Әлем әдебиеті мұрасын зерттеп қарастыру – әдебиеттер арасындағы тарихи-типологиялық ұқсастық заңдылығын, халықтық және ұлттық әдебиеттің өзара әсерінің шартты болуын басшылыққа алады. Әдебиеттердің өзара қарым-қатынасы тарихын зерттеу жалпы қазақ әдебиетінің тәжірибелік маңызына және оның қалыптасып дамуында көптеген ақын-жазушылардың атқарған рөліне жаңаша баға беруге мүмкіндік береді. Өзгені таныту арқылы біздің ұтарымыз – ішкі рухани дүниемізді ғана емес, мәдениетімізді байытамыз; төл мұрамызды өзгемен салыстыру арқылы жақсы-жаманды, артықшылығы мен кемшілігін, өзіндік ерекшелігіміз мен құндылығымызды пайымдай, бағамдай аламыз.

### **Нәтижелер**

Әлем әдебиетін танып-білу М.Әуезовше айтқанда, дүние сырына қанығу. Оны білудің маңыздылығы тәуелсіз Жаңа Қазақстанның ғылыми және жалпы әлеуметтік қажеттігінде. Қазақ халқы өзіндік өркениет жолында өсіп-өнуіне негіз бола алатын әдеби құндылықтарды елеп-ескеру мүмкіндігіне ие болып отыр. Кез келген дамыған ел тәуелсіз ұлттық-мемлекеттік өркендеу жолына бағыт алғанда мемлекеттік тілде білім жүйесін қалыптастырып, оған қажетті әдебиеттер қорын дайындайтыны белгілі.

Әлем әдебиетін танып-білу, игеру бізде ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталды деуге болады. Ағартушы ғалым Ш.Уәлиханов бастаған бұл үрдісті Ыбырай мен Абай лайықты түрде жалғастыра білді. Грек мифологиясын жетік білген Ш.Уәлиханов қырғыздың Манас жырының Көкетай ханның асы тарауын жазып алып, талдау жасағанда оны Дала Илиадасына теңегені белгілі. Ал Абайдың батыс-шығыс әдебиетін еркін игеріп, нәзирагөйлік дәстүрімен бірқатар классик жазушылардан аударған дүниелері – бүгінгі ұрпақ үшін қымбат қазынаға айналып отыр. Қазақ әдебиетінде жаңадан қалыптаса бастаған аударма дәстүрін А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов,

Ә.Бөкейхановтар дамытып әкетті. Сондықтан қазақ әдебиетіндегі аудармашылық дәстүр *алыптар қалыптастырған дәстүр* деп танылды. Алаш арыстары аударма ісіне белсене кірісіп, қазақ оқырмандарының әлем жұртшылығын, озық ойлы мәдениетімен танытуға күш салып, көкжиегін кеңейтуге мүдделі болғанын артында қалған аудармалары айғақтайды. Әрине, олардың аударма еңбектерінің жойылып, өртеліп, қуғындалып бүгінгі күнге толық жетпегені тағы белгілі. Соның бір көрінісі – Шәкәрім ақынның америкалық жазушы Г.Бичер-Стоудан аударған Том ағайдың балағаны романының әлі күнге табылмауы. Роман аудармасының бізге жетпеуі түсінікті. Себебі, шығармада көтерілген басты мәселе – құлдардың тәуелсіздікті аңсауы, құлдық бұғаудан құтылып, еркіндікке қол жеткізуі. Өз елінің өзге елге бодан болуына бүкіл жан-тәнімен қарсы болған, сол үшін сүйегі көп жылдар көмусіз қалған Шәкәрімнің мұндай шығарманы аударуы заңды. Тіпті, уақыт талабына сай аударылған туынды деуге де болады. Қырық жыл қырғыннан аман қалып, кең байтақ жерін сақтап, ұйып отырған қазақ елін еш соғыссыз жаулап алу саясатын көздеген орыс үкіметінің сұрқия саясатын әрине, ойшылдың алып жүрегі жақсы сезді. Сезді де, қолына сенімді досы әрі қаруы қаламды алып, тәуелсіздік дегеннің не екенін, боданға айналған елге қандай қиын жолмен келетінін дәл, нақты түсіндіретін аңғал қазақ халқы үшін ауадай қажетті осы бір шығарманы дер кезінде аударып, ұсынды. Зерделей қарасақ, халқын ағартуды ұлы мұрат тұтқан ұлт зиялыларының ішінде аудармаға көңіл бөлмегендері кемде-кем (Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан т.б.).

Шынтуайтына келгенде, әлем әдебиетінің үлгілерін қазақ тіліне аударып, рухани қажетімізге жарату екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жүйелі түрде жүргізіле бастады. Ғалымдардың пайымдау-зерттеулеріне сүйенсек, кеңестік дәуірдегі аударма жұмысына тән сипат әрі ортақ белгілер: жүйеліліктің сақталмауы, сапаға емес санға мән беру, таңдап алу принципінің басшылыққа алынбай ортанқол дүниелердің аударылуы, аударманың көркемдігіне қойылатын талаптарға атүсті қарап, әдебиеттен аулы алыс жандардың аударма жасауы болып келеді. Осындай кемшіліктер мен олқылықтар орын алғанын мойындай отырып, тұтастай алғанда барлық шығармашылық иелерінің дұрыс бағытта, ізгі ниетпен жұмыс жасағанын түсінеміз.

### **Талқылау**

Әлем әдебиетін білу деген – қазақ тілінде сөйлеген классикалық әдебиетті меңгерту. 1958 жылы көркем аударма мәселесіне арналған аймақтық кеңес болып, әлем әдебиетінің үздік туындыларын қазақ жұртына ұсыну мәселесі көтерілді. 1988 жылы Жазушылар Одағының жанынан Аударма және әдеби байланыстар Бас редакция алқасы құрылады. 1989 жылдан бастап әлем әдебиетінің классикалық шығармаларын ана тілімізде жариялап отыратын Әлем атты альманах шығарылатын болды. Осы

жылдың 5-6 сәуірінде Қазақстандағы көркем тәржіме мәселелері атты республикалық кеңес өтті. Кеңесте көркем аударма саласын кәсіби деңгейге көтеру мәселесі талқыланды. Аударма – рухани қажеттілікті өтеудің, өзінде жоқ үлгіні өзгеден алудың, ауысудың *тиянақты дәнекері* (Н.Сыдықов) болды.

Тәуелсіздік лебі рухани тіршілігіміздің барлық саласын қамтыды. Қазақ жұртшылығын қазіргі әдеби үдеріс барысынан хабардар етіп отыру мақсатында және адамзат баласының тарихы мен тағдыры біртұтас қамтылған Әлем әдебиеті журналы шығарыла бастады (2006 жыл). Бұл игілікті шараның көшбасында белгілі жазушы, аудармашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кеңес Юсуп тұрды. Өзіндік айқын бағыт-бағдары, ерекшелігі бар бұл журналды мемлекет қайраткерлері де қызу қолдады. Сол уақыттағы Сыртқы істер министрі Қ.Тоқаев (бүгінгі президент) бірден қолдау білдіріп, ең алғашқы санына игі лебізін жазумен шектелмей, журналды халықаралық байланыс жасауға дәнекер етті. Расында бұл басылым – рухани алмасудың дәнекері болды деуге болады. Журнал әр санында шоқтығы биік аударма туындылардың ішінен өнеге болар үзінділер мен үзіктер беріп отырды. Ол әлем әдебиетінің бір күндік жылтырақ жасығын емес, әманда құнын жоймайтын мың жылдық жақсысын ана тілімізде сөйлетуді және эстетикалық көркем ойдың үздік туындыларын, адамзаттың бүгінгі бітім-болмысын, әлеуметтік-рухани дүниесін, сан қилы тағдырлар тоғысын қамтитын көрнекті туындыларды ана тілімізде сөйлетуді мақсат етті [2, б.6]. Журналдың ірге тартар бір тарамы – түрлі әдеби бағыттар мен ағымдарды, әдеби үдерістерді саралайтын танымдық-тағылымдық сыни еңбектер мен талдауларды жариялап отыруы деуге болады.

Әлем әдебиетінің үздік үлгілерімен сусындатуды мұрат еткен тағы бір игі шара ретінде Астана қаласында ашылған Аударма баспасын айтуға болады. Тәжірибелі аудармашы-қаламгерлерден құрылған редакциялық кеңес Әлем әдебиеті, Нобель сыйлығының лауреаттары, Жыржауһар, Шытырман оқиғалар және фантастика, Тарих. Таным. Тағдыр, Даналық дәрістері атты сериялар бойынша әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған кітаптарды басып шығару жұмысын жандандыруды қолға алды. Біз үшін ең маңыздысы баспаның жасөсіпірімдер мен жастардың кітап оқуға деген құштарлығын арттырып, рухани дүниесін байытатын асыл туындыларды шығаруға айрықша көңіл бөлгендігі. Бұл ретте «балалардың ойын оятып, қиялына қозғау салатын, ғасырлар бойы оқырмандар сүйіспеншілігіне бөленген, кейіпкерлерінің асқақ арман, аңсарлы романтикаға, шырғалаңы мол шытырман, қым-қуыт қызғылықты оқиғаларға толы өмірі мен теңіздей терең, кіршіксіз мөлдір тірлігі оқырмандарды бірден еліктіріп әкететін, мектептердің оқу бағдарламасында бар шығармаларды бір кезекте басып шығаруды» негізгі бағыт етті [3, б.7]. Осыған орай, бұл баспадан Хафиз, Руми, Рудаки, Пушкин, Твен, Хемингуэй, Камю, Стейнбек сынды көптеген

батыс-шығыс әдебиетінің қабырғалы қаламгерлері туындылары жарық көріп отыр.

Аударма – өркениетті елдер үшін ақпарат алудың, мәдениет, экономикалық байланыстар орнатудың негізгі көзі. Мәдени мұра (2004-2006 жылдар аралығында) стратегиялық ұлттық жоба бағдарламасы – қазақ аударма саласының алдынан кең өріс ашып, жаңа бағыт берді. Азия, Африка, Еуропа, Австралия, Америка құрлықтарындағы сан алуан тілді халықтардың тарихы мен әдебиетіне арналған жаңашыл ізденістердің, тарихи-мәдени жүйелеулердің әдеби үдеріс дамуы қозғалысындағы жанрлар ерекшеліктерін қазіргі уақыт талабымен тану, бағалау өзекті. Себебі, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа тарихының жаңаша даму жетістіктері қатарын молайтқан Мәдени мұра бағдарламасы аясында алыс, жақын шет елдердегі бұрын қазақ оқырмандарына белгісіздеу болып келген халықтардың да тарихын, материалдық және рухани мәдениет қазыналарын таныстыру, ұрпақтардың тануына, бағалауына жол ашу – күн тәртібіндегі аса өзекті мәселелер қатарында бағаланады. Ұлттық рухани, мәдени, әдеби мұраларды қорғау, зерттеу, жандандыруды мықтап қолға алып, гуманитарлық акция ретінде жүргізілген бұл бағдарлама – біздің әлемдік өркендеуіміздің нақты көрсеткіші болды деуге болады. Бабалар сөзінің жүз томдығы – соның айқын дәлелі.

Әлем әдебиеті – туған әдебиетіміздің тұғырын бағамдауға, төл өнеріміздің өрісін кеңейтуге, әдебиетіміздің әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Өркениет құндылықтарын игеру, әлемдік рухани кеңістікке кіру бағытында бүгінде елімізде атқарылып жатқан игілікті шаралардың қатарында 2018 жылы құрылған Мазмұндама қоғамдық қоры баспасының еңбегін айтуға болады (*жоба жетекшісі – Шыңғыс Мұқан*). Жасыратыны жоқ, біз тәуелсіздік алғанға дейін әлем әдебиетін орыс тілі арқылы танып, аударып, оқып келдік. Бүгінде батыс, шығыс халықтарының тілін жетік меңгерген білімді жас мамандардың арқасында әлем әдебиетінің үздік туындылары түпнұсқадан аударылып, ел игілігіне ұсынылып жатқаны көңіл қуантады. Олар әлемдік бестселлер кітаптарды айтпағанның өзінде, елімізде ең алғаш болып саммари және non-fiction кітаптарды шығарып, таратушылар ретінде де көп еңбек жасап жатыр. Ел игілігі үшін қызмет етіп жатқан аталған жобаның алға қойған мақсат-мұраттары да, идеясы да айқын, қажетті әрі тиімді.

Адамзат тарихындағы ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейін талай белестерден өткен, жалпы адамзаттық құндылықтар ұлағатын жинақтаған әлем әдебиеті мұралары – ұлтты мәдени-интеллектуалдық тұрғыдан байытудағы негізгі фактор. Әлем әдебиетінің құнды мұралары тілімізге толық аударылса бүкіл әлем халықтарына ортақ әдеби ықпалдастықты, тарихи-мәдени байланыстарды, поэтикалық үндестіктерді зерделеуге бағытталған ізденістер дамытылатыны сөзсіз. Бүгінде аударма үздіксіз

дамып, үнемі қозғалыс үстінде және оның әрқашан өзекті болатындығы зерттеушілер де назарында [4].

Қай ұлттың әдебиетін алып қарастырсақ та, барлығына ортақ ой, түп қазығы Қайткенде адам қалады адам болып деген заманауи қағиданы насихаттауға қызмет етеді. Демек, жалпыадамзаттық құндылықтарды танып, игеруде өзге халықтар әдебиетін тануға көмектесетін дүниелерін аудару ісі сол халықтың тарихи кешулерін, қоғамдық-әлеуметтік тұрпатын, діни-мәдени болмысын, географиясын, белгілі бір экожүйедегі орнығу сипаттарын жетік білуді және сол білікті ғылыми жүйеге түсіріп, жан-жақты талдап-таразылауды қажет етеді [5]. Әдебиеттің ұшан-теңіз мұралары ішінен замана сынынан өткен, танымдық, көркемдік құндылығы ешуақытта сарқылмайтын туындыларды оқу арқылы адамзат ұлағатын бойына сіңіретіндігі айқын. Бүгінде Азия халықтарының әдеби канонын құрып, арнайы зерттеулер жүргізіліп жатқандығы да осының дәлелі [6].

### **Қорытынды**

Әлем әдебиетін танып-білудің маңызы одан алатын мол тәжірибемен байланысты. Жер шарындағы барлық адам – біртұтас, бәрі рухани деңгейде бір-бірімен тығыз байланысты дейтін болсақ, шетел әдебиеті – сөзсіз, ең қажетті сала. Ғалым Қ.Жаманбаева: Ұлт психологиялық тәжірибенің жетімсіздігінен зардап шегеді [7, 24 б.] дей келе, Абайдың аударма ісіне неліктен терең көңіл бөлгенін түсіндірген. Кеңестік заманда біз үшін әлемдік әдеби, мәдени ақпарат жабық болып, қатаң цензура үстемдік алды [8]. Тәуелсіздіктің тек формальды түрде ғана болуы емес, ұлт үшін іс жүзінде рухани тәуелсіздік пен ой тәуелсіздігіне қол жеткізу маңызды, ол үшін қажетті білімдер мен тәжірибелерді меңгеруде әлем әдебиеті мұралары қажет. Тіпті мектеп жүйесі қазіргідей бірегейленбеген тұста да Абайдың өз аулында шетелдің көркем шығармаларын Әбдірахман мен оның айналасындағы жастарға үгіттеп, шетел әдебиетінің үлкен бір формалды емес мектебін қалыптастырғаны белгілі. Алаш зиялыларының аударма ісіне ерекше көңіл бөлуі де бекер емес. Олар әлем әдебиетінің ұлт ретінде өсуіне үлкен себі тиетінін жазбай таныды. Дүниеауи тұтастыққа қарай көш түзеген жаһандану дәуірінде әлем әдебиетінің інжу-маржандарын білудің қажеттілігі мен өзектілігі артпаса, кемімейді. Бұл құндылықтарды ана тілімізде жеткізудің ұлт руханиятындағы ең маңызды фактор екендігін К.Юсуп: біздің бүгінгі ұлық мұрат бүкіл әлемнің классикалық әдебиетін қазақ тілінде сөйлету болуға тиіс. Сонда ғана ана тілінен заманға лайық қорегін алған жас буын басқа тілге телмірмейтін болады [9, 3 б.] деп айқындаған. Тіптен кейбір халықаралық зерттеулер де жас буынға жаңа технологияларды үйретуде және оларды этикалық нормаларды сақтауға дағдыландыруда әлемдік классикалық әдебиет үлгілерінің қызметі орасан екенін көрсетіп отыр [10]. Демек, ұрпақтың

өзгенің таңсығына таңырқап, өзгенікіні өзінен жоғары қоюының басты себебі – қажет дүниені, ақпаратты, барлығын ана тілінде алмағандықтан.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

«Зерттеуді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті қаржыландырып отыр (2023 ж. 1 наурыз, №05-04/149 шарт)».

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Дюришин Д. Теория сравнительного изучения литературы. – Москва: Прогресс, 1979. – 295 с.

[2] Юсуп К. Әлем әдебиетін қазақша сөйлетуге тіліміздің құдіреті жетеді // Астана хабары – 2007. – 17 қараша. – №187.

[3] Назырбаев Қ. Әлем әдебиетімен қайта таныстырмақшы // Жас Алаш – 2002, 6 шілде, №80. – 7 б.

[4] Алдабергенова А.А., Зихроллаев Э.М. Бәсекелес аудармалардың пайда болу мәселелері (абсурд әдебиетінің аудармалары негізінде) // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ, Филология сериясы. – 2023. – №3 (70). – Б. 265-279.

[5] Hoff H. From ‘intercultural speaker’ to ‘intercultural reader’: A proposal to reconceptualize intercultural communicative competence through a focus on literary reading // Intercultural competence in education: Alternative approaches for different times. – Springer, 2016. – P. 51-71. – URL: doi 10.1057/978-1-137-58733-6\_4

[6] Lockey Sophie A.M. Compiling a contemporary Central Asian literary canon perspectives from north American scholarship // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ, Филология сериясы. – 2023. – №4 (71). – P. 356-364.

[7] Жаманбаева К. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері. Эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 138 б.

[8] Tokshylykova G.B., Kalibekuly T, Karimova G. The reflection of famine in modern Kazakh novels // IJASOS- International E-Journal of Advances in Social Sciences. – 2019. – Vol. V, Issue 15. – P. 231-239.

[9] Юсуп К. Алтын көпір. Әлем әдебиеті журналының алғашқы нөмірі жарық көрді // Егемен Қазақстан – 2006. – 11 қазан. – №246/249. – 3 б.

[10] Berne R. and Schummer J. Teaching societal and ethical implications of nanotechnology to engineering students through science fiction // Bulletin of Science, Technology & Society. – 2005. – 25(6). – P. 459-468. – URL: doi: 10.1177/0270467605283048

### **REFERENCES**

[1] Dyurişin D. Teoriya sravnitel'nogo izučeniya literaturı. – Moskva: Progress, 1979. – 295 s. [in Rus]

[2] Yusup K. Alem adebietin qazaqşa soyletuge tilimizdiñ qudireti jetedi // Astana xabarı – 2007. – 17 qaraşa. – №187. [in Kaz]

[3] Nazırbaev Q. Alem adebietimen qayta tanıstırmaqşı // Jas Alaş – 2002. 6 şilde, №80 [in. Kaz]

[4] Aldabergenova A.A., Zikhrollayev E.M. Problems of the emergence of competing translations on the basis of translations of absurd literature // Abilay xan atındagi QazXQ jane ATU, Filologiya seriyasi. – 2023. – №3 (70). – P. 265-279.

[5] Hoff H. From ‘intercultural speaker’ to ‘intercultural reader’: A proposal to reconceptualize intercultural communicative competence through a focus on literary reading //



Intercultural competence in education: Alternative approaches for different times. – Springer, 2016. – P. 51-71. – URL: doi 10.1057/978-1-137-58733-6\_4

[6] Lockey Sophie A.M. Compiling a contemporary Central Asian literary canon perspectives from north American scholarship // Abilay xan atindagi QazXQ jane ATU, Filologiya seriyasi. – 2023. – №4 (71). – P. 356-364.

[7] Jamanbaeva K. Til qoldanısınıñ kognitivtik negizderi. Émociya, simvol, tildik sana. –Almaty: Ğılım, 1998. – 138 b. [in Kaz]

[8] Tokshylykova G.B., Kalibekuly T, Karimova G. The reflection of famine in modern Kazakh novels // IJASOS- International E-Journal of Advances in Social Sciences. – 2019. – Vol. V. – Issue 15. – P. 231-239.

[9] Yusup K. Altın kopir. Alem adabieti jurnalınıñ alğaşqı nomiri jarıq kordi // Egemen Qazaqstan. – 2006. – 11 qazan. – №246/249. – 3b. [in Kaz]

[10] Berne R. and Schummer J. Teaching societal and ethical implications of nanotechnology to engineering students through science fiction // Bulletin of Science, Technology & Society. – 2005. – №25(6) – P. 459-468. – URL: doi: 10.1177/0270467605283048

## ПРОБЛЕМА ПЕРЕВОДА НАСЛЕДИЯ МИРОВОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

\*Токшылыкова Г.Б.<sup>1</sup>, Каримова Г.С.<sup>2</sup>, Казтаева А.К.<sup>3</sup>

\*<sup>1</sup>магистр иностранной филологии, старший преподаватель, КазНПУ  
им.Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: gulnaz\_lit75@mail.ru

<sup>2</sup>PhD доктор, ассоциированный профессор, КазНПУ им.Абая  
Алматы Казахстан

e-mail: karimova\_g77@mail.ru

<sup>3</sup>докторант 1 курса специальности «Литературоведение», КазНПУ  
им.Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru

**Аннотация.** Мировая литература – многогранный, постоянно обновляющийся и пополняющийся процесс. В статье рассматриваются вопросы перевода, издания, публикации и популяризации мирового литературного наследия в независимой стране. Основная цель – установить эффективность перевода на родной язык, которое влияет на общественное сознание и систему мышления, формируя у реципиента такие добродетели, как нравственность и вера. Ведь в пространстве цивилизации доказано, что только литература очеловечивает человеческую душу. Признавая мировую литературу духовной ценностью, авторы в качестве основного направления берут систематическое внимание к истории ее перевода в нашей стране. Перевод произведений поднимающие проблему общечеловеческой ценности, является требованием эпохи глобализации. Обосновывается идея о том, что художественный перевод укрепляет литературную связь. Рассматривается, что литература нации вступает в контакт с мировой литературой на основе коммуникативных отношений.

В исследовании проблема признания, освоения и трансляции мировой литературы казахстанской публике представлена в хронологическом порядке и системно, что в свою очередь повышает научную и практическую ценность работы. И уделяется особое внимание эффективности и необходимости изданий, проектов, переводческих организации, которые пытаются делать это благое дело. Используя методы объяснения, описания, анализа, авторы доказали, что важность освоения мировой литературы на

родном языке лежит в научных и общесоциальных потребностях независимого Нового Казахстана.

Принимая во внимание тот факт, что казахская литература, считающаяся частью мировой литературой, не может развиваться самостоятельно, авторы подчеркивают необходимость духовного обмена. В результате приводя важные примеры, выделяют, что при чтении, анализе и усвоении настоящих классических произведений у молодого поколения формируется мировоззрение, отношение к себе и другим, расширяется кругозор познаний. Среди них уделение особого внимания проблеме художественного перевода, акцентирование внимания на его трудностях, качестве и значимости переводимых художественных произведений показывает ценность исследования.

**Ключевые слова:** классическая литература, цивилизация, императив, духовное пространство, перевод, культурное наследие, историко-типологическое сходство, искусство речи

## THE PROBLEM OF TRANSLATING THE HERITAGE OF WORLD LITERATURE

\*Tokshylykova G.B.<sup>1</sup>, Karimova G.S.<sup>2</sup>, Kaztaeva A. K.<sup>3</sup>

<sup>\*1</sup>Master of Philological Sciences, Senior Teacher, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: gulnaz\_lit75@mail.ru

<sup>2</sup>PhD, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University Almaty, Kazakhstan  
e-mail: karimova\_g77@mail.ru

<sup>3</sup>1st year doctoral student «Literary Study», Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru

**Abstract.** World literature is a multifaceted, constantly renewing and replenishing process. The article deals with the issues of translation, edition, publication and popularization of world literary heritage in an independent country. The main goal is to establish the effectiveness of translation into the native language, which affects the public consciousness and system of thinking, forming in the recipient such virtues as morality and faith. After all, it has been proved in the space of civilization that only literature humanizes the human soul. Recognizing the world literature as a spiritual value, the authors take systematic attention to the history of its translation in our country as the main direction. Translation of works that raise the problem of universal value is a requirement of the era of globalization. The idea that artistic translation strengthens the literary connection is substantiated. It is considered that the literature of a nation comes into contact with the world literature on the basis of communicative relations.

In the study the problem of recognition, assimilation and translation of world literature to the Kazakh public is presented chronologically and systematically, which in turn increases the scientific and practical value of the work. And special attention is paid to the effectiveness and necessity of publications, projects, translation organizations that try to do this good deed. Using the methods of explanation, description, analysis, the authors proved that the importance of mastering world literature in the native language lies in the scientific and general social needs of independent New Kazakhstan.

Taking into account the fact that Kazakh literature, considered a part of world literature, cannot develop independently, the authors emphasize the necessity of spiritual exchange. As a result, giving important examples, they highlight that when reading, analyzing and assimilating

the present classical works, the young generation develops a worldview, attitude to themselves and others, and expands the horizon of knowledge. Among them, paying special attention to the problem of artistic translation, emphasizing its difficulties, the quality and significance of translated works of fiction shows the value of the research.

**Keywords:** classical literature, civilisation, imperative, spiritual space, translation, cultural heritage, historical-typological similarity, art of speech

*Статья поступила 19.04.2024*